

"Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму Ассоциациясына, Инвестициялар Кепілдігінің көп жақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне мүшелігі және қатысуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 маусым N 870

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму Ассоциациясына, Инвестициялар Кепілдігінің көп жақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне мүшелігі және қатысуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің карауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму Ассоциациясына, Инвестициялар Кепілдігінің көп жақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне мүшелігі және қатысуы туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық

Даму Ассоциациясына, Инвестициялар Кепілдігінің көп жақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне (бұдан әрі - халықаралық ұйымдар) мүшелігі мен қатысуының құқықтық шарттарын айқындайды.

1-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға мүшелігі

1. Қазақстан Республикасы Халықаралық Валюта Қорының (бұдан әрі - ХВҚ), Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің (бұдан әрі - ХҚДБ), Халықаралық Қаржы Корпорациясының (бұдан әрі - ХҚК), Халықаралық Даму Ассоциациясының (бұдан әрі - ХДА), Инвестициялар Кепілдігінің көп жақты Агенттігінің (бұдан әрі - ИККА), Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталықтың (бұдан әрі - ИДРХО), Еуропа Қайта құру және Даму Банкінің (бұдан әрі - ЕҚДБ), Азия Даму Банкінің (бұдан әрі - АДБ), Ислам Даму Банкінің (бұдан әрі - ИДБ) мүшесі болып т а б ы л а д ы .

2. Қазақстан Республикасы ХВҚ, ХҚДБ, ХҚК, ХДА келісіміне барлық түзетулерімен қоса, ИДБ құрылтай шартына, ИККА құру жөніндегі конвенцияға және Мемлекеттер мен басқа мемлекеттердің азаматтары арасында инвестиция саласындағы дауларды реттеу туралы конвенцияға, ЕҚДБ, АДБ құру туралы келісімдерге қатысушы мемлекет болып табылады және ХВҚ, ХҚДБ, ХҚК, ХДА, ИККА, ЕҚДБ, АДБ Басқарушыларының Кеңесі Қарарларының осы халықаралық ұйымдарға Қазақстан Республикасының мүше болуына қатысты ережелері мен талаптарын қабылдады.

3. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы ХВҚ-ның Қарыз алу арнайы құқықтары департаменті қатысушысының барлық міндеттемесін өзіне қабылдады және Қарыз алу арнайы құқықтары департаменті қатысушысының барлық міндеттемесін орындауға мүмкіндік беретін барлық қажетті ш а р а н ы қ о л д а н д ы .

2-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға мүшелігіне байланысты қаржылық өзара қарым-қатынастары

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тұлғасында заемдар тартуға, қаржыландырудың басқа нысандарын пайдалануға уәкілетті және Қазақстан Республикасының атынан ХҚДБ-ге, ХҚК-ге, ХДА-ға, ИККА-ға, ЕҚДБ-ге, АДБ-ге, ИДБ-ге заемдар туралы тиісті келісімдердің шарттарына және Қарарлардың, Келісімдердің Құру туралы келісімнің, Конвенциялардың немесе Құрылтай шарты тиісті Баптарының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының осы халықаралық ұйымдарға мүше болуына қатысты сомаларды төлеп отыруды қамтамасыз етуге міндетті.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ХҚДБ, ХҚК, ХДА келісімдерінің, ЕҚДБ, АДБ құру туралы келісімнің Баптарына және ИККА құру жөніндегі конвенцияға сәйкес сыйақысыз кез келген көзделмеген борыштық міндеттемелерді шығаруға уәкілетті, бұл міндеттемелер Қазақстан Республикасының ХҚДБ, ХҚК, ХДА, ИККА, ЕҚДБ, АДБ мүшелігіне қажет болуы немесе сай келуі мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ХВҚ қаражатын оны сатып алу түрінде тартуға уәкілетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ХВҚ мүшелігіне қатысты Қарарлардың шарттары мен ережелеріне және Келісімнің Баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының атынан соманы ХВҚ-ға төлеп отыруды қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ХВҚ-ның Қарыз алу арнайы құқықтары департаментінің қызметіне қатысуына байланысты төлемдерді жүзеге асыруға міндетті. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен басқа халықаралық ұйымдардан заемдар тартуға, заем тартудың қаржылық шарттарын айқындауға және осындай заемдар бойынша келісімді дербес жасауға құқылы.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ХВҚ келісімінің Баптарына сәйкес сыйақысыз кез келген көзделмеген борыштық міндеттемелерді шығаруға уәкілетті, бұл міндеттемелер Қазақстан Республикасының ХВҚ-дағы мүшелігіне қажет болуы немесе сай келуі мүмкін.

3-бап. Халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас жасауға уәкілетті мемлекеттік органдар

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ХҚДБ келісімі Баптарының 2-бөлімі III бабының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының қаржы органы ретінде іс-қимыл жасайды.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының атынан ХҚДБ Келісімі, ЕҚДБ-ні, АДБ-ні құру туралы келісімдер, ИДБ құрылтай шарты Баптарының ережелерінде рұқсат етілген барлық операция мен мәмілені орындауға уәкілетті.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ХВҚ келісімі Баптарының I-бөлімі V бабының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының қаржы органы ретінде іс-қимыл жасайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының атынан ХВҚ келісімі Баптарының түрлі ережелерінде рұқсат етілген барлық операция мен мәмілені орындауға уәкілетті.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тиісті халықаралық ұйымдармен ХҚК келісімі Баптарының 10-бөлімі IV бабының, ХДА келісімі Баптарының 10-бөлімі

VI бабының, ИККА құру жөніндегі конвенция 38-бабының, ЕҚДБ құру туралы келісім 34-бабы VI тарауының, АДБ құру туралы келісім 38-бабы VI бөлімінің, ИДБ құрылтай шарты 40-бабы V тарауының талаптарына сәйкес ресми байланыс арнасы ретінде б е л г і л е н д і .

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Келісімдердің, Құру туралы келісімдердің, Конвенциялардың немесе Құрылтай шартының тиісті Баптарына сәйкес сыйақысыз көзделмейтін борыштық міндеттемелердің, сондай-ақ ХВҚ-ның, ХҚДБ-нің, ХҚК-ның, ХДА-ның, ИККА-ның, ЕҚДБ-нің, АДБ-нің, ИДБ-нің басқа да активтерінің депозитарийі болып тағайындалады.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі ХВҚ-ның, ХҚДБ-нің, ХҚК-ның, ХДА-ның, ИККА-ның, ЕҚДБ-нің, АДБ-нің, ИДБ-нің Басқарушылар Кеңесіне, ИДРХО Әкімшілік Кеңесіне Қазақстан Республикасының өкілі (Басқарушысы) ретінде Қазақстан Республикасының атынан міндеттерді орындау үшін тиісті лауазымды адамды, сондай-ақ Басқарушы болмаған кезде міндеттерді орындау үшін барлық өкілеттіктерімен оның орынбасарын тағайындауға уәкілетті.

4-бап. Халықаралық ұйымдардағы мүшелікке байланысты операцияларды жүзеге асыру

ХВҚ, ХҚДБ, ХҚК, ХДА Келісімдерінің, ИККА құру жөніндегі Конвенцияның, ЕҚДБ, АДБ құру туралы Келісімдердің, ИДБ-нің Құрылтай шарты Баптарының ережелерінде рұқсат етілген операциялар мен мәмілелерді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы төлеуге тиісті немесе Қазақстан Республикасына төленуге тиісті кез келген ақша сомасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы а у д а р ы л а д ы .

5-бап. Қазақстан Республикасы Қордың қызметіне қатысқан кезде Үкіметтің құзыреті

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ХВҚ-мен өзара іс-қимыл жасайды және Қазақстан Республикасының ХВҚ-ның Арнайы қарыз алып пайдалану бөлімінің қызметіне қатысуы үшін қажетті шаралар қолданады.

2. Қазақстан Республикасының ХВҚ-ға мүшелігімен байланысты Қазақстан Республикасы міндеттемелерін орындаған кезде пайда болатын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп қажетті шаралар қолданады.

6-бап. Мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары осы Заңның 1-бабының 2-тармағында көрсетілген Келісімдердің, Құру туралы Келісімдердің, Құрылтай шартының, Конвенциялар мен Қарарлардың Баптарын сақтау мақсатында өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау үшін қажетті нормативтік құқықтық актілер қабылдауға құқылы.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.